**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**
**КЕАҚ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»**

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қарағанды облысының Әділет департамент
басшысының м.а.
_________________ Қ.Б.Рахымбергенов
«21» 04 2023 ж.

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қарағанды облысы және Ұлытау облысы бойынша
Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
бастығы әділет полковнигі
_________________ Б.Е.Шакиров
«21» 04 2023 ж.

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қарағанды облысы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі
Мамандандырылған ауданаралық соты төрайымы
_________________ Д.М.Мутубаева
«24» 04 2023 г.

«КЕЛІСІЛГЕН»
Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі
Қазақстандық халықаралық бюроның Қарағанды филиалы директоры
_________________ Ю.А.Гусаков
«24» 04 2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті КеАҚ басқарма төрағасы-ректоры
_________________ Н.О.Дулатбеков
«30» 05 2023 ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

7M04207 – Құқықтану
**Деңгей:** магистратура (бейінді бағыт)

**Қарағанды 2023**

**Мазмұны**


| № | **Бөлім атауы** | **Беттер** |
|---|---|---|
| 1 | 1-нысан. Білім беру бағдарламасының паспорты | 3 |
| 2 | 2-нысан. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау | 5 |
| 3 | 3-нысан. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 7 |
| 4 | 4-нысан. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 9 |
| 5 | 6-нысан. Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН) | 19 |
| 6 | 7-нысан.Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 21 |
| 7 | 8-нысан. Түлек моделі | 23 |

**1-нысан**

**Білім беру бағдарламасының паспорты**

| № | Параметр атауы | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1 | **Білім беру бағдарламасының коды және атауы** | 7M04207 – Құқықтану |
| 2 | **Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары** | 7M04 – Бизнес, басқару және құқық<br>7M042 – Құқық |
| 3 | **Білім беру бағдарламаларының тобы** | M078 – Құқық |
| 4 | **Кредиттер көлемі** | 60 академиялық кредит |
| 5 | **Оқыту түрі** | Күндізгі |
| 6 | **Оқыту тілдері** | Қазақ, орыс |
| 7 | **Берілетін дәреже** | Құқық магистрі |
| 8 | **Білім беру бағдарламасының түрі** | Жаңа |
| 9 | **БСХСЖ бойынша деңгей** | 7 |
| 10 | **ҰБШ бойынша деңгей** | 7 |
| 11 | **СБШ бойынша деңгей** | 7 |
| 12 | **Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері** | - |
| 13 | **Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі** | KZ83LAA00018495 28.07.2020 ж. қосымша 016 |
| 14 | **Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеудің қолданылу мерзімі** | Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік<br>08.11.2027 ж. |
| 15 | **Білім беру бағдарламасының мақсаты** | Мемлекеттік, құқыққорғау органдарында және үкіметтік емес ұйымдарда жұмысқа бейімделген құқықтық қызметте кәсіби, практикалық, сандық құзыреттілігі мен дағдылары бар жаңа буынның жоғары білікті заң кадрларын даярлау. |
| 16 | **Түлектің біліктілік сипаттамасы** | а) судья, прокурор, тергеуші, заңгер, заңгердің көмекшісі, нотариус, адвокат, орталық және жергілікті мемлекеттік билік және басқару органдарының басшысы, халықаралық, ұлттық |

| | | |
|---|---|---|
| | | компаниялардың, коммерциялық құрылымдардың және үкіметтік емес ұйымдардың маманы<br>ә) сот, прокуратура, ішкі істер министрлігі, ұлттық қауіпсіздік комитеті, нотариаттық палата, мемлекеттік билік пен басқарудың атқарушы және өкілді органдары, кәсіпкерлер палатасы, ұлттық компаниялар, мемлекеттік емес ұйымдар.<br>б) құқықшығармашылық, құқыққолдану, құқыққорғау, консультациялық, әкімшілік, ұйымдастырушылық-басқармалық, жеке, қоғамдық.<br>в) сот төрелігі, қадағалау, қоғамдық тәртіпті қорғау, бақылау, басқару, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бизнесті заңдық қамтамасыз ету, нотариаттық іс-әрекеттер, заңдық көмек, сотта құқықтарды қорғау және өкілдік ету, кәсіпкерлік. |

**2-нысан**

**Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау**

| **Құзыреттілік түрлері** | **Оқу нәтижесінің коды** | **Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)** |
|---|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills) | ОН 1 | Құқықтың дамуының қазіргі тенденцияларын, оны жетілдіру тетіктерін, заңдық қызметтің нақты салаларындағы теория мен практиканың жаңа жетістіктерін анықтайды және бағалайды. |
| | ОН 2 | Нормативтік құқықтық актілердің тұжырымдамалары мен жобаларын әзірлеу дағдыларын; халықаралық-құқықтық актілер мен ұлттық заңнаманы сыни талдау дағдыларын меңгерген. |
| | ОН 3 | Басқарушылық, құқықшығармашылық, құқыққолдану, құқық қорғау қызметті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты анықтау үшін әртүрлі тілдік құралдарды қолданады. |
| | ОН 4 | Ситуациялық және жүйелі талдау, құқықтық ойлау мәдениетін, ақпаратты жалпылау қабілетін, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын; басқару жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу дағдыларын, тиімді ұйымдастырушылық-басқарушылық және құқықтық шешімдер қабылдау, олар үшін жауапты болу қабілетін меңгерген. |
| 2. Сандық құзыреттер: (Digital skills) | ОН 5 | Қолданыстағы заңнама нормаларына және құқық қолдану практикасына талдау жүргізеді, нақты заңдық істерді қарау және заң құжаттарын жасау кезінде инновациялық технологияларды, сандық технологиялармен және ақпараттық деректер банкімен, электрондық үкіметпен, электрондық сот ісін жүргізумен жұмыс істеу дағдыларын пайдаланады. |
| | ОН 6 | Құқықшығармашылық және құқыққолдану қызметін дамытудың теориялық және практикалық мәселелерін анықтайды, құқықтық ақпараттың сандық көздерін пайдаланады. |
| | ОН 7 | Электрондық ақпараттық сервистерді пайдалана отырып, адам құқықтарын қорғаудың, мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің, нормативтік-құқықтық реттеудің, ұлттық заңнама институттарын дамыту перспективаларының мемлекеттік-құқықтық және әлеуметтік тетіктерін іске асырады. |
| 3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills) | ОН 8 | Заң шығару сапасын қамтамасыз ету және заңнаманы жүйелеу мақсатында құқықшығармашылық қызметінде қолданылатын арнайы заңдық техниканы меңгерген. |
| | ОН 9 | Құқық бұзушылықтарды, киберқылмыстарды, қылмыстық кірістерді заңдастыруды саралауды жүзеге асырады, халықаралық, ұлттық, шетелдік нормативтік құқықтық актілерді |

| | | |
|---|---|---|
| | | талдайды. |
| | ОН 10 | Құқықтық жүйенің әртүрлі салаларындағы материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын нақты құқықтық жағдайға (казус) қолданады, сондай-ақ заңдық практиканың нәтижелерін жинақтайды. |
| | ОН 11 | Азаматтықты алу және тоқтату, конституциялық және әкімшілік рәсімдер саласындағы заңнаманы жетілдіру жолдарын; конституциялық даму модельдерін, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет теориясы мен практикасын, әкімшілік әділетті дамыту мәселелері мен перспективаларын бағалайды. |

**3-нысан**

**Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау**

| **Оқыту нәтижесінің коды** | **Модуль атауы** | **Пәндер атауы** | **Көлемі (ECTS)** |
|---|---|---|---|
| ОН 4 | Әлеуметтік-гуманитарлық білім және кәсіби тілдер | Менеджмент | 2 |
| ОН 4 | | Басқару психологиясы | 2 |
| ОН 3 | | Шет тілдер (кәсіби) | 2 |
| ОН 7 | Мемлекет, құқық, инновация | Адам құқықтары саласындағы құқыққорғау қызметі | 4 |
| ОН 5, ОН 9 | | Қылмыстық сот ісін жүргізудегі инновациялық әдістер | |
| ОН 7, ОН 11 | | Қазақстан Республикасының конституциялық даму модельдері | |
| ОН 6, ОН 10 | | Цивилистиканың өзекті мәселелері | |
| ОН 6, ОН 8 | Құқықтың өзекті мәселелері және ұлттық заңнаманың даму тенденциялары | Қазақстан Республикасындағы құқықшығармашылық процес: теория және практика мәселелері | 5 |
| ОН 10 | | Еңбек дауларын қарау және шешу мәселелері | 5 |
| ОН 11 | | Мемлекеттік басқарудың сервистік моделі жағдайындағы мемлекеттік қызмет | |
| ОН 2, ОН 8 | | Заңдық техника: теория және практика мәселелері | |
| ОН 9 | | Киберқылмысқа және қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл | |
| ОН 11 | | Әкімшілік әділет | 5 |
| ОН 1, ОН 9 | | Қылмыстық құқықбұзушылықтарды виктимологиялық алдын алу | |
| ОН 1, ОН 10 | | Кәсіпкерлік қызметтегі кінә-талап қою жұмысы | |
| ОН 6, ОН 10 | | Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құқыққолдану қызметі | |
| ОН 7, ОН 11 | | Мемлекеттік билік және басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс | 4 |
| ОН 2, ОН 11 | | Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы істер бойынша іс жүргізу | |
| ОН 10 | | Қазақстан Республикасының отбасы құқығының даму тенденциялары | |
| ОН 9 | | Қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау: заң, теория және сот практикасы | |
| ОН 3, ОН 10 | | Өндірістік тәжірибе | 10 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ОН 1, ОН 5 | Магистранттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, тағылымдамадан өту және магистерлік жобаны орындауды қоса алғанда (МТЗЖ) | Магистранттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, тағылымдамадан өту және магистерлік жобаны орындауды қоса алғанда (МТЗЖ) | 13 |
| ОН 1, ОН 3 | Қорытынды аттестаттау | Магистерлік жобаны рәсімдеу және қорғау | 8 |

**4-нысан**

**Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы**

| N N п/п | Пәндердің атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы | Кредиттер саны | Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 | ОН 7 | ОН 8 | ОН 9 | ОН 10 | ОН 11 |
| | | **НП (ЖК) - 6** | | | | | | | | | | | | |
| Д1 | Менеджмент | Ұйымды басқару саласындағы түсініктер, анықтамалар, менеджерлердің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар, басқарудағы, менеджментті дамытудағы жүйелік тәсілдің негіздері; басқаруды ұйымдастыру дағдылары, ұйымның ішкі және сыртқы ортасы, басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы және басқару нормасы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 2 | | | | + | | | | | | | |
| Д2 | Басқару психологиясы | Басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді пайдалану ерекшеліктері, тиімді басқарудың негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдылары, басқару психологиясының теориялық ережелері мен өзекті мәселелері; басқару психологиясының ерекшеліктері, басшының жеке ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 2 | | | | + | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Д3 | Шет тілдер (кәсіби) | Кәсіби қарым-қатынас жағдайында тиімді коммуникацияны жүзеге асыру үшін сөйлеу, оқу, жазу және тыңдау дағдыларын қалыптастыру, әртүрлі салалар бойынша мамандандырылған әдебиеттермен жұмыс істеу, мамандық бойынша мәтіндерді жазбаша аудару, кәсіби қарым-қатынас жағдайында ауызша екі жақты аударуды қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 2 | | | + | | | | | | | | |
| **НП (ТК) - 4** | | | | | | | | | | | | | | |
| Д4 | Адам құқықтары саласындағы құқыққорғау қызметі | Адам құқықтарын түсінудің заманауи тәсілдері, принциптері, адам және азамат құқықтарын жіктеу, азаматтық, саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени құқықтарды, бала құқықтарын құқықтық қорғау, IT-технологияларды қолдана отырып қазіргі әлемде гендерлік теңдік пен адам құқықтарын қамтамасыз ету туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 4 | | | | | | | + | | | | |
| | Қылмыстық сот ісін жүргізудегі инновациялық әдістер | Қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық техно-логиялар туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қылмыстар-ды анықтау, ашу, тергеу және алдын алу, сондай-ақ қылмыстық мінез-құлықты болжау мен зерттеудің ұйымдастырушылық, әдістемелік, тактикалық және қолданбалы негіздері сұрақтары қарастырылады. | | | | | | + | | | | + | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасының конституциялық даму модельдері | Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының ұйымдас-тырылуы және қызмет етуі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Конституционализмнің теориялық-құқықтық негіздері, бастауынан бастап қазіргі заманға дейінгі ҚР конституциялық даму модельдері, Қазақстанда конституциялық құқықты одан әрі дамытудың сұрақтары электрондық ақпараттық сервисті пайдалана отырып қарастырылады. | | | | | | | | + | | | | + |
| | Цивилистиканың өзекті мәселелері | Азаматтық заңнаманы қолдану саласындағы білімді қалыптастыру, азаматтық заңнаманың қазіргі жағдайымен байланысты азаматтық-құқықтық мәселелерді шешу дағдылары мен біліктілігін дамыту мақсатында оқытылады. Құқық қолдану практикасының өзекті аспектілерін талдау және бағалау кезінде инновациялық және сандық технологиялар қолданылады. | | | | | | | + | | | | + | |
| **БП (ЖК) - 5** | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Д5 | Қазақстан Республикасындағы құқықшығармашылық процес: теория және практика мәселелері | Қоғамда қалыптасқан сан алуан қатынастарды реттейтін нормалар жүйесін құруға және жетілдіруге бағытталған мемлекеттің ұйымдастырушылық-ресімделген қызметі ретінде құқықшығармашылық туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Құқықшығармашылық нәтижелерінің тиімділігін талдау және бағалау, құқық қалыптастырушы факторлардың құқық қолдану практикасына әсері сұрақтары қарастырылады. | 5 | | | | | | + | | + | | | |
| **БП (ТК) - 24** | | | | | | | | | | | | | | |
| Д6 | Еңбек дауларын қарау және шешу мәселелері | Сотқа дейінгі және соттық тәртіпте еңбек дауларын қарау және шешу процесінде еңбек заңнамасын және арнайы заңнамалық актілерді қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Еңбек дауларын қарау кезінде татуластыру рәсімдерін жүргізу тәсілдері, әдістері мен құралдары сұрақтары қарастырылады. | 5 | | | | | | | | | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мемлекеттік басқарудың сервистік моделі жағдайындағы мемлекеттік қызмет | Негізін мемлекеттік органдар жұмысының жоғары тиімділігін, құзыреттілігін қамтамасыз етуге бағдарланған мемлекеттік қызмет кадрлары құрайтын мемлекеттік басқарудың сервистік моделі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Заманауи әкімшілік реформаның міндеттері, кәсібилікті, мемлекеттік аппарат қызметінің нәтижелігін арттыру туралы сұрақтар қарастырылады. | | | | | | | | | | | | + |
| | Заңдық техника: теория және практика мәселелері | Заңдық техниканы ғылыми-зерделенген және құқықтық практикамен дәлелденген заң шығару ережелері ретінде, сондай-ақ оның құқықшығармашылық сапасын қамтамасыз етудегі және заңнаманы жүйелеудегі рөлі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Заң шығару нәтижелерін талдау және бағалау, заң шығару процесіне әсер ететін факторлар туралы сұрақтар қарастырылады. | | | + | | | | | | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Киберқылмысқа және қылмыстық кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл | Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл тетігі және заңсыз кірістерді заңдастыру процестері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Киберқылмыстарды анықтау, тергеу, алдын алу, ФАТФ стандарттарын сақтау жөніндегі мемлекеттік саясаттың тиімділігі мәселелері, осы құбылыстардың сандық дәуірге өзара кірігуінің себептері мен жағдайлары, түрлері, тәсілдері туралы сұрақтар қарастырылады. | | | | | | | | | | + | | |
| Д7 | Әкімшілік әділет | Әкімшілік әділетті, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы дауларды қараудың ерекше әкімшілік-рәсімдік және іс жүргізу тәртібін жүзеге асыратын арнайы соттар жүйесі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әкімшілік рәсімдерді іске асыру көмегімен азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы ғылыми тұжырымдамалар, мәселелер қарастырылады. | 5 | | | | | | | | | | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қылмыстық құқықбұзушылықтарды виктимологиялық алдын алу | Виктимологиялық алдын алу және жәбірленушінің мінез-құлқын қалыптастыратын және қылмыс жасауды негіздейтін факторларды, жағдайларды анықтау, жою немесе бейтараптандыру дағдыларын қалыптастыру, тәуекел топтары мен жәбірленушілік дәрежесі жоғары нақты тұлғаларды анықтау және оларға әсер ету әдістері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | + | | | | | | | | + | | |
| | Кәсіпкерлік қызметтегі кінә-талап қою жұмысы | Сотқа дейінгі және сот рәсімдерін пайдалана отырып, кәсіпкерлік қызметтегі дауларды реттеу саласындағы ұйымдардың құқық қабілеттілігін іске асыруға мүмкіндік беретін талап-арыз жұмысы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Азаматтық құқықтарды сот арқылы қорғауды реттеу саласындағы теория мен практика, заңнаманы дамыту сұрақтары қарастырылады. | | + | | | | | | | | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құқыққолдану қызметі | Құқықты қолданудың қазіргі түсінігі, мемлекеттік-биліктік сипаттағы қызметті құқық нормаларымен және материалдық қатынастарға қатысушылардың ерік-жігерімен шектеу, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құқық қолдану қызметіндегі ұйымдастырушылық тәртіп шараларының жүйесі, қолдану практикасы, құқық қолдану процесінің ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | | | | | | + | | | | + | |
| | Мемлекеттік билік және басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс | Мемлекеттік билік және басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің теориялық-әдістемелік мәселелері туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы іс-шаралардың жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу мақсатында оқытылады. | 4 | | | | | | | + | | | | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы істер бойынша іс жүргізу | Азаматтық мәселелері бойынша өтініштер мен ұсынымдарды қарау, шешімдерді орындау және шағымдану, алған білімдерін заңгердің кәсіби қызметінде қолдану дағдылары бойынша іс жүргізу саласында білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Азаматтық алу құқығына байланысты заңнаманы іс жүзінде қолдану сұрақтары қарастырылады. | | | + | | | | | | | | | + |
| | Қазақстан Республикасының отбасы құқығының даму тенденциялары | Қоғамдық қатынастарды отбасылық-құқықтық реттеудің ерекшеліктері, отбасылық құқықтық қатынастардың мәнін және оның элементтерін түсіндірудің тұжырымдамалық көзқарастары, отбасылық құқықтардың мазмұны, оларды іске асыру және қорғау тәртібі, отбасы құқығы бойынша жауапкершілік түрлері туралы теориялық білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | | | | | | | | | | + | |
| | Қылмыстық құқықбұзушылық тарды саралау: заң, теория және сот практикасы | Қолданыстағы заңнамаға дәлме-дәл сәйкестікте қылмыстарды саралау бойынша білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қылмыстық-құқықтық доктринаның, қылмыстық заңда көрсетілген әрекеттерді бағалау бойынша саралау ережелерін, даулы құқықтық жағдайларда өз ұстанымын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. | | | | | | | | | | + | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Д8 | Өндірістік практика | Өндірістік қызметтің практикалық тәжірибесін алу, магистратураның базалық пәндері бойынша алған теориялық білімдерін магистерлік зерттеудің таңдалған тақырыбына сүйене отырып бекіту мақсатында жүргізіледі. Практиканың мазмұны магистранттың жетекшісімен бірлесіп әзірлейтін және магистерлік бағдарламаның жетекшісі бекітілетін жеке бағдарламамен айқындалады. | 10 | | | + | | | | | | | + | |
| **МҒЗЖ - 13** | | | | | | | | | | | | | | |
| Д9 | Магистранттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, тағылымдамадан өту және магистерлік жобаны орындауды қоса алғанда (МТЗЖ) | Эксперименттік-зерттеу жұмысының мақсаты құқықтық құжаттарды ресімдеу және ақпаратқа статистикалық талдау жүргізу, заңдық техника әдістері мен тәсілдерін меңгеру, заңдық фактілер мен құқықтық қатынастарды талдау, теориялық және практикалық зерттеулер барысында эксперименттік деректерді өңдеу білімі, біліктілігі және дағдылары деңгейін қалыптастыру болып табылады. | 13 | + | | | | + | | | | | | |

**6-нысан**

**Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу**

| Оқу нәтижелерінің коды | Оқу нәтижелері | Оқыту әдістері | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|
| ОН 1 | Құқықтың дамуының қазіргі тенденцияларын, оны жетілдіру тетіктерін, заңдық қызметтің нақты салаларындағы теория мен практиканың жаңа жетістіктерін анықтайды және бағалайды. | интерактивті дәріс<br>анықтамалық құқықтық жүйелермен жұмыс | презентация<br>зерттеу |
| ОН 2 | Нормативтік құқықтық актілердің тұжырымдамалары мен жобаларын әзірлеу дағдыларын; халықаралық-құқықтық актілер мен ұлттық заңнаманы сыни талдау дағдыларын меңгерген. | кейс-әдістер<br>интерактивті дәріс<br>пікірталас | презентация<br>эссе жазу<br>магистрлік жоба жазу |
| ОН 3 | Басқарушылық, құқықшығармашылық, құқыққолдану, құқық қорғау қызметті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты анықтау үшін әртүрлі тілдік құралдарды қолданады. | интерактивті дәріс<br>дөңгелек үстел | презентация<br>эссе жазу |
| ОН 4 | Ситуациялық және жүйелі талдау, құқықтық ойлау мәдениетін, ақпаратты жалпылау қабілетін, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын; басқару жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу дағдыларын, тиімді ұйымдастырушылық-басқарушылық және құқықтық шешімдер қабылдау, олар үшін жауапты болу қабілетін меңгерген. | интерактивті дәріс<br>дөңгелек үстел | презентация<br>коллоквиум |
| ОН 5 | Қолданыстағы заңнама нормаларына және құқық қолдану практикасына талдау жүргізеді, нақты заңдық істерді қарау және заң құжаттарын жасау кезінде инновациялық технологияларды, сандық технологиялармен және ақпараттық деректер банкімен, электрондық үкіметпен, электрондық сот ісін жүргізумен жұмыс істеу дағдыларын пайдаланады. | пікірталас<br>анықтамалық құқықтық жүйелермен жұмыс | магистрлік жобаны жазу<br>зерттеу |
| ОН 6 | Құқықшығармашылық және құқыққолдану қызметін дамытудың теориялық және практикалық мәселелерін анықтайды, құқықтық ақпараттың сандық көздерін пайдаланады. | интерактивті дәріс<br>анықтамалық құқықтық жүйелермен жұмыс | эссе жазу<br>тест |
| ОН 7 | Электрондық ақпараттық сервистерді пайдалана отырып, адам құқықтарын қорғаудың, мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі | интерактивті дәріс<br>анықтамалық | эссе жазу<br>коллоквиум |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің, нормативтік-құқықтық реттеудің, ұлттық заңнама институттарын дамыту перспективаларының мемлекеттік-құқықтық және әлеуметтік тетіктерін іске асырады. | құқықтық жүйелер-мен жұмыс | |
| ОН 8 | Заң шығару сапасын қамтамасыз ету және заңнаманы жүйелеу мақсатында құқықшығармашылық қызметінде қолданылатын арнайы заңдық техниканы меңгерген. | пікірталас | есеп жазу |
| ОН 9 | Құқық бұзушылықтарды, киберқылмыстарды, қылмыстық кірістерді заңдастыруды саралауды жүзеге асырады, халықаралық, ұлттық, шетелдік нормативтік құқықтық актілерді талдайды. | интерактивті дәріс модельдеу | эссе жазу |
| ОН 10 | Құқықтық жүйенің әртүрлі салаларындағы материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын нақты құқықтық жағдайға (казус) қолданады, сондай-ақ заңдық практиканың нәтижелерін жинақтайды. | дөңгелек үстел интерактивті дәріс | коллоквиум презентация |
| ОН 11 | Азаматтықты алу және тоқтату, конституциялық және әкімшілік рәсімдер саласындағы заңнаманы жетілдіру жолдарын; конституциялық даму модельдерін, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет теориясы мен практикасын, әкімшілік әділетті дамыту мәселелері мен перспективаларын бағалайды. | кейс-әдістер интерактивті дәріс | презентация эссе жазу |

**7-нысан**

**Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері**

| ОН кодтары | Критерийлер |
|---|---|
| ОН 1 | **Біледі:** құқықты іске асыру және қолдану саласында пайдаланылатын негізгі құқықтық түсініктерді, құқықшығармашылық қызметтің мәні мен әлеуметтік-саяси табиғатын, құқық қолдану процесіндегі құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің рөлін біледі, жеке тұлғаның құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуде принциптілік пен тәуелсіздікке ие<br>**Істей алады:** Әртүрлі әлеуметтік факторларды және олардың құқықты дайындау мен қалыптастыру процесіне әсерін зерттей алады; сандық деректер базасын пайдалана отырып, құқықтық нормаларды жасауға, өзгертуге немесе жоюға уәкілетті мемлекеттік органдардың құқықшығармашылық қызметінің ерекшеліктерін анықтайды<br>**Меңгерген:** Құқыққолдану актілерін сандық форматта дайындау, оларды кәсіби қызмет саласында тиімді іске асыру дағдыларын меңгерген |
| ОН 2 | **Біледі:** іргелі құқықтық және әлеуметтік құндылықтарды, мемлекеттік-құқықтық институттар қызметінің мазмұнын біледі<br>**Істей алады:** зерттелетін құбылыстарды, объектілер мен процестерді жүйелеу, жалпылау және саралау үшін алынған білімді синтездейді, құқық саласындағы білім негізінде жасалған дәлелді қорытындылар мен пайымдауларды тұжырымдайды<br>**Меңгерген:** мемлекеттің даму факторларын, функцияларын, стратегиясы мен мәселелерін бағалау, құқықтар мен бостандықтарды іске асыру тәсілдерін айқындау, бұзылған құқықтарды қорғау, білікті заң көмегін көрсету, өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу, білімді қоғамға қызмет етуге бағыттап, мәселелерді шешуге шығармашылықпен қолдану үшін қажетті дағдыларды меңгерген |
| ОН 3 | **Біледі:** мемлекеттік және шет тілдерді коммуникация және зерттеу жүргізу үшін жеткілікті көлемде біледі<br>**Істей алады:** күнделікті, мәдени, оқу және танымдық қарым-қатынас салалары тақырыптары бойынша мәтіннің негізгі мағынасын жеткізе алады<br>**Меңгерген:** ғылыми терминологияны, тілдік пәндер бойынша тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын меңгерген |
| ОН 4 | **Біледі:** Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын ұйымдастыруға және оның жұмыс істеуіне қатысты маңызды нормативтік актілерді біледі<br>**Істей алады:** мәселелерін анықтап, ҚР конституциялық құқығын одан әрі дамыту үшін шаралар әзірлей алады<br>**Меңгерген:** стратегиялық ойлау және шешім қабылдау, ұжымдағы міндеттерді басқару және бөлу дағдыларын меңгерген |
| ОН 5 | **Біледі:** құқықтық ақпараттың сандық көздерін қолдана отырып, құқықтық сипаттағы құжаттарды жасаудың заманауи әдістемесін біледі<br>**Меңгерген:** инновациялық технологияларды қолдану арқылы құқықтық сипаттағы құжаттарды құрастыру дағдыларын меңгерген |

| | |
|---|---|
| ОН 6 | **Біледі:** нақты кәсіби қызметтегі құқықтың негізгі қайнар көздері мен басқа да нормативті-құқықтық актілерді, олардың дамуының негізгі бағыттарын біледі<br>**Істей алады:** қолданыстағы нормативті-құқықтық актілерді және заңдық құжаттарды өз бетінше пайдалана, сақтай, орындай, қолдана және түсіндіре алады<br>**Меңгерген:** нормативті-құқықтық актілердің жобаларын дайындау және жасау, заңнамаға толықтырулар, өзгертулер енгізу және жүйелеу бойынша заңдық техника дағдыларын меңгерген |
| ОН 7 | **Біледі:** «Сот кабинеті» ақпараттық сервисін қолдана отырып, сотқа дейінгі, сот талқылауларындағы іс жүргізу әрекеттерінің ерекшеліктерін біледі<br>**Істей алады:** нақты заңдық істі жүзеге асыру процесінде сотқа дейінгі, сот талқылауларында іс жүргізу әрекеттері шеңберінде құқықтық ақпараттың сандық көздерін қолдана алады, оның дамуын болжай алады. |
| ОН 8 | **Біледі:** құқықтық терминдердің мазмұнын, мағынасын, деңгейлерін, түрлерін, құқықтық құбылыстар мен процестерді зерттеу әдістерін, салалық заңнаманың ерекшелігін, қазіргі жағдайда қылмысқа әсер ету стратегияларын біледі<br>**Істей алады:** заңнамадағы ақаулықтар мен сәйкессіздіктерді, оны қолданудың күрделілігін және еңсеру жолдарын анықтайды, мемлекеттік билік және басқару органдарының құқықшығармашылық қызметінің нәтижелеріне талдау және бағалау жүргізеді, құқықшығармашылық процесінің тенденцияларын болжайды және алдын алу іс-шараларын әзірлейді<br>**Меңгерген:** әртүрлі мәселелерді құқықтық нормаларға сәйкес сындарлы шешу дағдыларын меңгерген |
| ОН 9 | **Біледі:** заманауи заңдық ғылымның өзекті бағыттарын және қазіргі әлемдегі құқықтың даму тенденцияларын біледі<br>**Істей алады:** шетелдік және ҚР қолданыстағы заңнамаларды дербес талдау және салыстыру жүргізеді.<br>**Меңгерген:** құқыққолдану қызметінің, инновациялық технологиялардың дағдыларын меңгерген |
| ОН 10 | **Біледі:** өзінің кәсіби қызметінің профиліне сәйкес әртүрлі құқықтық актілерді дайындаудың жалпы әдістемесін біледі<br>**Меңгерген:** нақты заңдық оқиға (казус) бойынша салалық құқықтық норманы қолдану, сондай-ақ заң практикасының нәтижелерін жалпылау дағдыларын меңгерген |
| ОН 11 | **Істей алады:** мемлекет деңгейінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделерін айқындайды, құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі ұсынымдарды әзірлей және дәлелдей алады, құқықтық тыйымдарды сақтайды<br>**Меңгерген:** мемлекет және қоғамның саяси жүйесінің субъектілері деңгейінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық және ұлттық құқықты қолдану дағдыларын меңгерген. |

**8-нысан**

**Түлек моделі**

| **Құзыреттілік түрлері** | **Құзыреттіліктер сипаттамасы** |
|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills) | - Құқықтың дамуының қазіргі тенденцияларын, оны жетілдіру тетіктерін, заңдық қызметтің нақты салаларындағы теория мен практиканың жаңа жетістіктерін анықтайды және бағалайды.<br>- Нормативтік құқықтық актілердің тұжырымдамалары мен жобаларын әзірлеу дағдыларын; халықаралық-құқықтық актілер мен ұлттық заңнаманы сыни талдау дағдыларын меңгерген.<br>- Басқарушылық, құқықшығармашылық, құқыққолдану, құқық қорғау қызметті жүзеге асыруға қажетті ақпаратты анықтау үшін әртүрлі тілдік құралдарды қолданады.<br>- Ситуациялық және жүйелі талдау, құқықтық ойлау мәдениетін, ақпаратты жалпылау қабілетін, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын; басқару жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу дағдыларын, тиімді ұйымдастырушылық-басқарушылық және құқықтық шешімдер қабылдау, олар үшін жауапты болу қабілетін меңгерген. |
| 2. Сандық құзыреттер: (Digital skills) | - Қолданыстағы заңнама нормаларына және құқық қолдану практикасына талдау жүргізеді, нақты заңдық істерді қарау және заң құжаттарын жасау кезінде инновациялық технологияларды, сандық технологиялармен және ақпараттық деректер банкімен, электрондық үкіметпен, электрондық сот ісін жүргізумен жұмыс істеу дағдыларын пайдаланады.<br>- Құқықшығармашылық және құқыққолдану қызметін дамытудың теориялық және практикалық мәселелерін анықтайды, құқықтық ақпараттың сандық көздерін пайдаланады.<br>- Электрондық ақпараттық сервистерді пайдалана отырып, адам құқықтарын қорғаудың, мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің, нормативтік-құқықтық реттеудің, ұлттық заңнама институттарын дамыту перспективаларының мемлекеттік-құқықтық және әлеуметтік тетіктерін іске асырады. |
| 3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills) | - Заң шығару сапасын қамтамасыз ету және заңнаманы жүйелеу мақсатында құқықшығармашылық қызметінде қолданылатын арнайы заңдық техниканы меңгерген.<br>- Құқық бұзушылықтарды, киберқылмыстарды, қылмыстық кірістерді заңдастыруды саралауды жүзеге асырады, халықаралық, ұлттық, шетелдік нормативтік құқықтық актілерді талдайды.<br>- Құқықтық жүйенің әртүрлі салаларындағы материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын нақты құқықтық жағдайға (казус) қолданады, сондай-ақ заңдық практиканың нәтижелерін жинақтайды. |

| | |
|---|---|
| | - Азаматтықты алу және тоқтату, конституциялық және әкімшілік рәсімдер саласындағы заңнаманы жетілдіру жолдарын; конституциялық даму модельдерін, мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет теориясы мен практикасын, әкімшілік әділетті дамыту мәселелері мен перспективаларын бағалайды. |

**Жұмыс тобының мүшелері:**

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының профессоры Н.С. Ахметова
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы К.К. Райханова
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы К.Т. Байжанова
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі А.Б. Сопыханова
Халықаралық және конституциялық құқық кафедрасының меңгерушісі Р.Б. Ботагарин
Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі М.Т. Акимжанова
Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының меңгерушісі Л.К. Кусаинова

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды «28» 04 2023 ж. хаттама № 11
Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық кеңесі отырысында қарастырылды «28» 04 2023 ж. хаттама № 5
Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «30» 05 2023 ж.. хаттама № 12

**Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі Проректор Т.З. Жүсіпбек**
**Академиялық жұмыс департаменті директорының м. а. С.А. Смаилова**
**Заң факультетінің деканы А.М. Серикбаев**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ**
**7M04207 – Құқықтану**

**Жоспардың мақсаты** – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

**Мақсатты индикаторлар**

| № | Индикаторлар | Өлшем бірл. | 2023-2024 (жоспар) | 2024-2025 (жоспар) | 2025-2026 (жоспар) | 2026-2027 (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Кадрлық потенциалды дамыту** | | | | | |
| 1.1 | Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі | Адам саны | 2 | 2 | 3 | 2 |
| 1.2 | Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру | Адам саны | 9 | 12 | 10 | 10 |
| 1.3 | Оқытуға практик-мамандарды тарту | Адам саны | 2 | 1 | 1 | 2 |
| 1.4 | Басқа | Адам саны | | | | |
| **2** | **Рейтингтердегі БББ жылжыту** | | | | | |
| 2.1 | НАОКО | Позициясы | | | | 5 |
| 2.2 | НААР | Позициясы | | | | |
| 2.3 | Атамекен | Позициясы | | | | |
| **3.** | **Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу** | | | | | |
| 3.1 | Оқулықтар | Саны | | | 1 | 1 |
| 3.2 | Оқу құралдары | Саны | | 1 | 2 | 2 |
| 3.3 | Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау | Саны | | 1 | 1 | 1 |
| 3.4 | Электронды оқулық | Саны | | 2 | 2 | 3 |
| 3.5 | Видео/аудиодәріс | Саны | | 3 | 3 | 3 |
| 3.6 | Басқа | Саны | | | | |
| **4.** | **Оқу және зертханалық базаны дамыту** | Саны | | | | |
| 4.1 | Бағдарламалық өнімдерді сатып алу | Саны | 1 | 1 | 1 | 1 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.2 | Жабдықтарды сатып алу | | | | | |
| 4.3 | Басқа | Саны | 3 | 3 | 1 | 1 |
| **5.** | **БББ мазмұнын өзектендіру** | Саны | | | | |
| 5.1 | Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту | Жыл | | + | + | + |
| 5.2 | БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу* | Жыл | | | | |
| 5.3 | Оқытудың жаңа әдістерін енгізу | Жыл | | + | + | + |
| 5.4 | ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу | Жыл | | | | |
| 5.5 | Басқа | Жыл | | | | |

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі — А.Б. Сопыханова
Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі — Р.Б. Ботагарин
Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі — М.Т. Акимжанова
Қылмыстық құқық, іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі — Л.М. Жолдасова